

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
2013 жылғы 25 қазандағы № 247
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2014 жылы 13
қаңтарда № 9067 тіркелді. Күші
жойылды - Қазақстан
Республикасы Ұлттық экономика
министрлігі Статистика комитеті
төрағасының 2015 жылғы 6
ақпандағы № 30 бұйрығымен

Агентство Республики Казахстан по статистике

"Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 және одан жоғары жастағы тұлғалардың өмір сапасы (сұрақнама)" жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 3035105, индексі ЕМ, кезеңділігі біржолғы) мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 06.02.2015 № 30 бұйрығымен.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) «Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 және одан жоғары жастағы тұлғалардың өмір сапасы (сұрақнама)» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 3035105, индексі ЕМ, кезеңділігі біржолғы) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) «Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 және одан жоғары жастағы тұлғалардың өмір сапасы (сұрақнама)» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 3035105, индексі ЕМ, кезеңділігі біржолғы) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Стратегиялық даму департаменті Заң департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің интернет-ресурсында міндетті жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Стратегиялық даму департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова _____

2013 жылғы 25 қараша

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

С. Қайырбекова _____

2013 жылғы 09 желтоқсан



Аумақтық статистика ор-
ганына тапсырылады

Статистикалық нысанды
www.stat.gov.kz сайтынан
алуға болады

Статистикалық нысан коды
3035105

ЕМ

Біржолғы

Тапсыру мерзімі – 12 маусым

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына
кепілдік береді

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың стати-
стикалық нысан

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі
төрағасының 2013 жылғы 23 қазан
№ 247
бұйрығына қосымша

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз)					
1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық

Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 және одан жоғары жастағы тұлғалардың өмір сапасы (сұрақ-нама)

Есепті кезең

жыл

18 жас және одан жоғары жастағы мүгедектігі бар тұлғалардан пікіртерім алынады

1. Елді мекеннің атауы (қала, аудан, селолық округ) _____

2. ӘАОЖ¹ бойынша елді мекеннің коды _____

3. Елді мекен типінің коды (1 - қала, 2 – ауыл).... _____

4. Респонденттің реттік нөмірі _____

5. Интервьюердің коды _____

6. Сұхбатты өткізу кү-
ні.....күні

айы

жы-
лы

¹ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші ҚР ҰЖ 11-2009

1. Үй шаруашылығының құрамы және сипаттамасы

1.1. Респонденттің жынысы:

ер	1	әйел	2
----	---	------	---

1.2. Респонденттің туылған күні (күні/айы/жылы):

1.3. Сіздің отбасылық жағдайыңыз

Некеде	1	Тұл еркек/жесір әйел	3
Ажырасқан	2	Ешқашан некеге тұрмаған	4

1.4. Сіздің үй шаруашылығыңыздың құрамында барлығы қанша адам бар?

1. Жұмыспен қамтылғандар (жұмыс істейтіндер)		4. Студенттер	
2. Жұмыссыздар (жұмысы жоқ, бірақ жұмыс іздеуде)		5. Үй шаруасындағы әйелдер	
3. Зейнеткерлер		6. 18 жасқа дейінгі балалар	
		7. Өзгелер	

1.5. Сіздің үй шаруашылығыңызда мүгедектігі бар басқа тұлғалар (респонденттен басқа) бар ма?

Иә

Жоқ

2. Тұрғын үй жағдайы

2.1. Тұрғын үй-жай түрі

Жеке үй	1	Саяжайдағы үй	4
Жеке пәтер	2	Медициналық-әлеуметтік мекеме	5
Жатақханадағы бөлме	3	Басқа	6

2.2. Сіз тұрып жатқан үй кімге тиесілі?

Үй шаруашылығының мүшелеріне	1	Заңды тұлғаларға (қызметтік)	4
Үй шаруашылығында тұрмайтын туыстарға	2	Мемлекетке	5
Жеке тұлғаларға (жалға беру)	3	Басқа	6

2.3. Сіздің үйіңізде мыналар бар ма, көрсетіңіз:

	Бар	Пайдалану үшін қолжетімді	Пайдалану үшін қолжетімсіз
1. Лифт (көп қабатты үйлерге)	1	2	3
2. Пандус	1	2	3
3. Сүйеніштер	1	2	3
4. Тұтқа	1	2	3
5. Кеңейтілген кіреберіс есіктер	1	2	3

2.4. Сіздің үйіңізде абаттандырудың қандай түрлері бар екенін көрсетіңіз?

Электр тогы	1	Су құбыры үйде (пәтерде)	10
Электрплитасы (еден үсті)	2	Су құбыры үйден (пәтерде) тыс жерде	11
Желілік газ	3	Құдық (колонка) немесе сумен жабдықтаудың басқа көзі	12
Сұйытылған газ (баллонда)	4	Тасылатын су, ауыз суын жеткізу	13
Орталықтан жылыту	5	Ванна немесе себізгі	14
Жеке қондырғылардан(қазандықтан) жылыту	6	Стационарлық телефон байланысы	15
Пешпен жылыту	7	Санитарлық торап (су шайғышы бар дәретхана)	16
Орталықтан ыстық сумен жабдықтау	8	Кәріз	17
Су жылытқыштан ыстық су	9	Қоқысты жинау және шығару	18

2.5. Сіздің үйіңізде мыналар бар ма?

Теледидар	1	Кір жуғыш машина	4
-----------	---	------------------	---

Тоңазытқыш	2	Шаңсорғыш	5
Қысқа толқынды пеш	3	Дербес компьютер	6

2.6. Өзіңіздің тұрмыстық жағдайыңызды бағалауды өтінеміз

Жаксы → келесі 3-бөлім	1	Нашар	3
Қанағаттанарлық	2		

2.7. Егер сіз өзіңіздің тұрмыстық жағдайыңызға қанағаттанбасаңыз немесе ішінара қанағаттансаңыз, онда қандай себептер бойынша? (жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуге болады)

Күрделі жөндеуді талап етеді	1	Электр тогының жиі болмауы	10
Суық (нашар жылытылады)	2	Лифттің болмауы	11
Өте дымқыл (жоғары ылғалдылық)	3	Пандустың болмауы	12
Өте қараңғы (жарықтандыру нашар)	4	Арнайы сүйеніштер пен тұтқалардың болмауы	13
Өте тар	5	Есіктер (кіреберіс) өте тар	14
Ыңғайсыз жоспарланған	6	Шулы (көршілерден немесе көшеден)	15
Ванна және дәретханаға қолжетімділіктің болмауы (есіктің тар болуы)	7	Экологиялық тұрғыдан қолайсыз аудан	16
Үйде жайлылық жоқ	8	Тұрғылықты жер қауіпсіз емес (криминогенді аудан)	17
Су үзілістермен келеді	9	Басқа	18

3. Үй шаруашылығының табыстары

3.1. Сіздің үй шаруашылығыңыз үшін күнкөрістің қаражат көздерін көрсетіңіз?

(жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуге болады)

Жалдамалы жұмыс	1	Жеке қосалқы шаруашылықта өндірілген өнімді өткізуден (сатудан) түскен табыс	9
Өз бетінше жұмыспен қамтылу (дара кәсіпкерлік қызмет)	2	Басқа кәсіпорындардың меншігіне қатысу үлесінен түскен табыс	10
Зейнетақы	3	Жылжымайтын мүліктен түскен табыс (жалға беру)	11
Мемлекеттік жәрдемақылар	4	Депозиттер, салымдар бойынша пайыздар	12
Әлеуметтік көмектің басқа да түрлері	5	Бағалы қағаздардан дивиденттер (акциялар, облигациялар)	13
Стипендиялар	6	Туыстардың, таныстардың көмегі	14
Алименттер	7	Басқа	15
Жеке қосалқы шаруашылықтан, саяжайдан (бақшадан) алынған өнімдерді тұтыну	8		

3.2. Сіздің үй шаруашылығыңызда автомашина бар ма?

Иә

Жоқ → 3.4-сұрақ

3.3. Ол мүгедектігі бар тұлғалар үшін бейімделген бе?

Иә	1	Талап етілмейді	3
Жоқ	2		

3.4. Сіздің үй шаруашылығыңыздың орташа алғанда бір айдағы жиынтық табысының жалпы сомасын көрсетіңіз (теңгемен)?

20 000 дейін	1	200 001 – 260 000	7
20 001 – 40 000	2	260 001 – 320 000	8
40 001 – 60 000	3	320 001 – 400 000	9
60 001 – 100 000	4	400 001 – 500 000	10
100 001 – 140 000	5	500 001 – 600 000	11
140 001 – 200 000	6	600 000 жоғары	12

3.5. Сіз үй шаруашылығыңызды қандай әлеуметтік топқа жатқызар едіңіз?

Аз қамтылған (тамаққа, киімге және аяқкиімге қаражат жетпейді)	1
Кедей емес, бірақ орта санаттағы да емес (азық-түлік, киім және аяқкиім сатып алуға, ком.қызметтерді төлеуге жетеді, бірақ ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарларды сатып алуда қиындықтар туады)	2
Орта санатты (топ, деңгей): тамақ, негізгі азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде қиындықтар көрмейміз, бірақ қосымша тұрғын үй (пәтер, үй, саяжай), қымбат автокөлік және т.б. сатып алуға қаражат жетпейді	3
Жоғарғы орта санат (топ, деңгей): сапалы азық-түліктерді пайдаланамыз, жайлы жағдайда тұрамыз, жоғары ақы төленетін жұмысымыз және/немесе жеке ісіміз бар, табыс алып келетін меншігіміз бар, бірақ демалуға және бос уақытқа жеткілікті уақыт жоқ	4
Қамсыздандырылған (бай): жайлы өмір үшін ресурстар (білім, денсаулық, қаржы, жеке мүлік, уақыт) жеткілікті	5

4. Денсаулық және денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділік

4.1. Сізге неше жасыңызда мүгедектік белгіленді?		жас
--	----------------------	-----

4.2. Сіздің мүгедектік тобыңыз (пікіртерім сәтінде)

1-топ	1	3-топ	3
2-топ	2		

4.3. Денсаулық функцияларының бұзылу түрі (жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуге болады)

Тірек-қимыл аппараты	1	Интеллект	5
Көру	2	Психикалық	6
Есту	3	Соматикалық (ішкі орган функцияларының бұзылулары)	7
Сөйлеу	4		

4.4. Тіршілік әрекетінің шектелу түрлері (жауаптың бірнеше нұсқасын көрсетуге болады)

Қозғалу	1	Өз-өзіне қызмет ету	5
Бағыты	2	Өз іс-әрекетін бақылау	6

Қарым-қатынас (сөйлеу)	3	Еңбекке қабілеттілік (оқу)	7
Қарым-қатынас (есту)	4	Шектеу жоқ	8

4.5. Мүгедектікке алып келген негізгі ауруды және/немесе жарақатты атаңыз.

Жұқпалы және паразиттік аурулар	1	Жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезең	15
Ісіктер	2	Перинатальды кезеңде пайда болатын жекелеген жағдайлар	16
Қан, қан тұзу органдарының және иммунды механизмді тартумен жеке бұзылулар	3	Туа біткен ауытқулар, (даму кемістіктері), деформация және хромосомдық бұзылулар	17
Эндокриндік аурулар, тамақтану және зат алмасудың бұзылуы	4	Жарақат, улану және бірқатар басқа да сыртқы себептер ықпалы салдарынан: өндірістік жарақаттар	18
Психикалық бұзылу және мінез-құлығының бұзылуы	5	өндірістік жарақаттар	19
Жүйке жүйесінің аурулары	6	улану	20
Көз және оның қосалқы аппаратының аурулары	7	күйік, үсу және өзгелер	21
Құлақ аурулары және еміздік тәрізді өскіннің аурулары	8	Сырқаттанудың сыртқы себептері:	
Қан айналымы жүйесінің аурулары	9	соның ішінде ЖКА ²	22
Тыныс алу органдарының аурулары	10	Кәсіптік аурулар	23
Ас қорыту органдарының аурулары	11	Төтенше экологиялық жағдайлар салдарынан алған аурулар	24
Тері және тері асты шелмайының аурулары	12	Әскери қызмет өтеу кезінде алған аурулар және жарақаттар	25
Сүйек-бұлшық ет жүйесінің және дәнекер тіннің аурулары	13	Басқа	26
Несеп-жыныс жүйесі аурулары	14		

4.6. Сіз қазір өзіңіздің денсаулығыңызды қалай бағалайсыз?

Жақсы	1	Жаман	3
Қанағаттанарлық	2	Өте жаман	4

4.7. Сіз соңғы 6 айда медициналық мекемеге жүгіндіңіз бе?

1 Иә → 4.9-сұрақ 2 Жоқ

ЖКА²-Жол-көлік апаттары

4.8. Неге?

Қажеттілік болған жоқ	1
Сапасыз (қанағаттанарлықсыз) қызмет көрсету (сапалы диагностика үшін құрал-жабдықтардың жоктығы)	2
Дәрілерді қолдану арқылы өз бетінше емделу	3
Халық емшілерінен (экстрасенстер, баксылар) ем алу	4
Шөптермен, халық арасында таралған құралдармен өз бетінше емделу	5

Бұл емделусіз жазылып кетеді деп шештіңіз	6
Медициналық қызметтер өте қымбат	7
Медициналық мекемелер өте алыс	8
Медициналық мекемеге дейін өз бетінше жетуге мүмкіндігінің болмауы	9
Респонденттің немесе оған көмек көрсететін тұлғаның бос уақытының болмауы	10
Еңбекке қабілетсіздік кезеңіне материалдық өтемақының болмауы	11
Басқа _____	12

4.9. Соңғы 5 жыл ішінде Сіз санаторийлік-курорттық емделуден өттіңіз бе?

☐ 1 Иә → 4.11-сұрақ
 ☐ 3 Көрсеткіштер болған жоқ → 4.11-сұрақ.

☐ 2 Жоқ

4.10. Неге?

Жолдаманың болмауы	1	Жол жүруге төлейтін қаражаттың болмауы	3
Жеке көмекшінің болмауы	2	Басқа	4

4.11. Сізге денсаулық сақтау қызметтері қолжетімді ме? (жауаптың нұсқаларын оқыңыз)

	Иә	Жоқ	Іші-нара
1.Сіздің қаржылық мүмкіндігіңіз (ақылы қызметтерді алу қажет болған жағдайда)	1	2	3
2. Сіздің денсаулығыңыздың мұқтажықтары (қажетті мамандығы бар медициналық қызметкерлердің болуы)	1	2	3
3.Медициналық мекемеге кіру мүмкіндігі (пандус, тұтқалар және тағы басқа)	1	2	3
4.Ара қашықтық (Сіздің үйіңізден мед.мекеменің алыстығы)	1	2	3
5.Көрсетілген мед.қызметтердің сапасы	1	2	3

4.12. Сізде оңалтудың жеке бағдарламасы бар ма?³ (бұдан әрі – ОЖБ)

☐ 1 Иә
 ☐ 3 Қажеттілігі жоқ → 4.14-сұрақ

☐ 2 Жоқ, бұндай бағдарлама туралы білмеймін → 4.14-сұрақ
 ☐ 4 Жауап беруге қиналамын → 4.14-сұрақ

4.13. Сізді ОЖБ-ның орындалуы қанағаттандырады ма?

Иә	1	Жауап беруге қиналамын	3
Жоқ	2		

4.14. Сіз қажетті техникалық орнын толтырушы (көмекші) және арнайы қозғалу құралдарымен қамтамасыздандырылғансыз ба (сурдо/тифлотехника, протез, арба және тағы басқа)?

Толық қамсыздандырылған	1	Қамсыздандырылмаған	3
Ішінара қамсыздандырылған	2	Мұқтаж емеспін	4

Бұнда және бұдан әрі³ОЖБ-мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы

4.15. Сіз өзіңіздің күнделікті өміріңізде бөтен тұлғалардың көмегіне мұқтажсыз ба?

Иә

Жоқ → 4.19-сұрақ

4.16. Сізге қай жерде көмек қажет? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Үйде	1	Жұмыста (оқу орнында)	3
Үйден тыс жерде(көшеде, дүкенде)	2	Барлық жерде	4

4.17. Сіз көмекке мұқтаж болған кезде, онда Сізге кім көмек береді? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Отбасы мүшесі	1	Мед.қызметкер	5
Бөтен адам (көрші, кездейсоқ жүргінші)	2	Жеке көмекші	6
Әлеуметтік қызметкер	3	Ешкім көмектеспейді	7
Сурдоаудармашы	4		

4.18. Сіз қажет болған жағдайда өз бетіңізбен қандай да бір іс-әрекетті істей аласыз ба? (жауаптың барлық мүмкін нұсқаларын белгілеу керек)

Жуыну	1	Компьютерде жұмыс істеу	7
Киіну және шешіну	2	Үй жануарларына қарау	8
Тамақ ішу	3	Түскі ас дайындау	9
Душ (ванна) қабылдау	4	Үйді жинау	10
Хат жазу және/немесе құжаттар толтыру	5	Почтаға, дүкенге, емханаға бару және тағы басқа.	11
Кітап (газеттер, журналдар) оқу	6		

5. Білім және білім беру қызметтеріне қолжетімділік

5.1. Сіздің қандай біліміңіз бар?

Жаза және оқи аламын	1	Жоғары	6
Бастауыш білім	2	Аяқталмаған жоғары	7
Негізгі орта	3	ЖОО-дан кейінгі	8
Жалпы орта	4	Сауатсыз → 5.3-сұрақ	9
Техникалық және кәсіби	5		

5.2. Сіз қандай оқу орнына бардыңыз (барасыз)?

Қарапайым оқу орнында (мектеп, училище, колледж, ЖОО)	1	Қарапайымда және арнайы (түзету) оқу орындарында	3

Арнайы оқу орнында (мектеп - интернат, арнайы училище, арнайы колледж және тағы басқа)	2	Үйде оқыдым	4
---	---	-------------	---

5.3. Сіздің қандай да бір қосымша мамандығыңыз бар ма?

Иә Жоқ → 5.5-сұрақ

5.4. Сіз қазір осы мамандық бойынша жұмыс істейсіз бе?

Иә Жоқ

5.5. Сіз басқа мамандық немесе кәсіп игергіңіз келе ме?

Иә (атаңыз) _____ Жоқ → 6- бөлім

5.6. Сіз басқа мамандықты немесе кәсіпті қайда алғыңыз келеді?

Курста (жұмыспен қамтамасыз ету орталықтарының жанындағы, оқу орталықтарында)	1	Жоғары оқу орындарында (академия, университет, институт)	4
Училищеде, колледжде (қарапайым)	2	Басқа	5
Училищеде, колледжде (арнайы)	3		

6. Жұмыспен қамтылу және еңбек нарығына қолжетімділік

6.1. Сіздің жұмыспен қамтылу мәртебеңізді көрсетіңіз

Ұйымда (кәсіпорында) жалдамалы жұмыс	1	Отбасылық кәсіпорынның көмектесуші (ақы төленбейтін) қызметкері	6
Басқа жеке тұлғада жалдамалы жұмыс	2	Кооператив мүшесі	7
Шаруа және фермер қожалығында жалдамалы жұмыс	3	Жеке ауладағы жұмыс	8
Жұмыс беруші	4	Жұмыс істемейді	9
Өз бетінше жұмыспен қамтылған (өз есебінен жұмыс істейді)	5		

6.2. Сіздің жұмыс орныңызды атаңыз?

Қарапайым ұйым (кәсіпорын)	1	Құрылыс алаңы	7
Мүгедектігі бар тұлғалар үшін құрылған өндірістік ұйым (кәсіпорын)	2	Ашық базар немесе көшедегі сауда	8
Қоғамдық бірлестік (ҰЕҰ) ⁴	3	Қосалқы шаруашылық (жеке ауладағы).	9
Жекеменшік үй	4	Жекеменшік автокөлік құрал	10
Клиенттің немесе жұмыс берушінің үйі	5	Тұрақты орын жоқ	11
Ферма немесе жер учаскесі	6	Басқа	12

6.3. Сіз жұмысқа еңбек шарты немесе келісу бойынша қабылдандыңыз ба? (жалдамалы жұмыста істейтіндер үшін – 6.1-сұрақтың 1-3 жауап нұсқасы)

Еңбек шарты (жазбаша) бойынша	1	Келісу бойынша (ауызша)	3
Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша (жазбаша)	2		

6.4. Сіз жұмыс істейсіз:

Толық жұмыс күні (аптасына 40 сағат немесе 1 және 2-топтағы мүгедектер үшін 36 сағат)	1	Толық емес жұмыс күні (аптасына 40 сағаттан төмен немесе 1 және 2-топтағы мүгедектер үшін 36 сағаттан төмен)	2
---	---	--	---

6.5. Сіздің жұмыс орныңыз қолайлы (жайлы) ма?

Қолайлы (толық ұнайды) → 6.7-сұрақ	1	
Ішінара қолайлы (жалпы ұнайды, бірақ жеткіліксіз)	2	
Қолайлы емес	3	

6.6. Егер қолайсыз немесе ішінара қолайлы болса, онда неліктен? (жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеуге болады)

Нашар тұрмыстық жағдайлар (шу, шаң, лас)	1
Қолайлылық жоқ (әжетханалар ыңғайлы емес, есіктер, тар табалдырықтар)	2
Ғимаратқа кіруге мүмкіндік жоқ (пандус (ыңғайлы) жоқ, сүйеніш/тұтқа жоқ)	3
Жұмыс орны мүгедектер үшін бейімделмеген (арнайы еңбек жағдайы тудырылмаған)	4
Басқа	5

6.7. Сіздің жұмыс орныңыз үйіңізден қаншалықты алыс орналасқан?

1 км дейін	1	10 км астам	4
1-ден 5-ға км дейін	2	Үйде жұмыс істеймін	5
5-тен 10-ға км дейін	3	Білмеймін, жауап беруге киналамын	6

Бұнда және бұдан әрі ⁴ҮЕҰ-Үкіметтік емес ұйым

6.8. Сіз әдетте жұмыс орныңызға дейін қалай жетесіз? (жұмыс істейтін респонденттер үшін – әрі қарай, келесі бөлімге өту)

Жаяу	1	Мотоциклде	5
Жүргізуші немесе жолаушы ретінде көлікте	2	Велосипедте	6
Инватаксиде	3	Мүгедектерге арналған арбада	7
Қоғамдық көлікте	4	Басқа (паромда, қайықта, катерде, атпен және тағы басқа)	8

Жұмыс істемейтін респонденттер үшін сұрақтар

6.9. Сіз бұрын-соңды жұмыс істедіңіз бе?

☐ 1 Иә ☐ 2 Жоқ → 6.12-сұрақ

6.10. Сіз соңғы жұмысыңыздан қашан шықтыңыз?

Бұрын (3 жылдан астам бұрын)	1	Жақында (1 айдан 1 жылға дейін)	3
Көп бұрын емес (1-3 жыл бұрын)	2	Жауап беруге киналамын	4

6.11. Сіздің жұмыстан шығу себебіңіз

--	--	--	--

Кәсіпорынның таралуы (банкрот болуы)	1	Оқу	6
Өз еркімен (отбасылық себептер)	2	Денсаулық жағдайына байланысты	7
Шарттың (келісімшарт) мерзімі аяқталды	3	Штат санының қысқаруы	8
Кәсіпкерлік қызметтің тоқтатылуы (жеке істің жабылуы)	4	Маусымдық жұмыс (маусым емес)	9
Зейнетке шығу → 6.13-сұрақ	5	Басқа	10

6.12. Сіз соңғы 12 айда жұмысқа орналастыру бюросына жүгіндіңіз бе?

Иә

Жоқ

6.13. Сіздің жұмыс істегіңіз келе ме?

Иә

Жоқ → 7-бөлім

6.14. Жұмыс істегіңіз келсе, бірақ қазіргі уақытта жұмыс істемесеңіз, бұл үшін қандай кедергілер бар?

Бос орынның болмауы	1	Денсаулық жағдайым мүмкіндік бермейді	5
Біліктіліктің (білімнің) болмауы	2	Жас ерекшеліктерін шектеу	6
Мүгедектігіме байланысты жұмысқа қабылдамайды	3	Басқа	7
Арнайы жабдықталған жұмыс орындары жоқ	4		8

6.15. Сіз мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған кәсіпорындарда жұмыс істегіңіз келе ме?

Иә

Жоқ

7. Бос уақыттағы іс-әрекет. Мәдени және қоғамдық-саяси өмірге қатысу.

7.1. Үйде бос уақытыңызда немен айналысасыз, өзіңіздің қалауларыңызды атаңыз:

(жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Радио, әуен тыңдау	1	Балалармен (немерелермен) ойнау	4
Теледидар көру (тыңдау)	2	Таза ауада серуендеу	5
Газеттер, журналдар, кітаптар оқу (тыңдау)	3	Басқа	6

7.2. Сіздің Интернетке қолжетімділігіңіз бар ма (модем, wi-fi, ұтқыр интернет және өзгелер)?

Иә

Жоқ → 7.4-сұрақ

7.3. Интернетті қандай мақсаттарға пайдаланасыз? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

	1		5
--	---	--	---

Электронды қызметтерді алу (е-Үкімет, коммуналдық төлемдер, салықтар және өзге де).		Аудио және бейнематериалдарды (әуендер, фильмдер, бейнебаяндар, анимациялар және тағы басқа) тыңдау және жазып алу	
Ақпарат алу (жаңалықтар, оқиғалар, хабарлар, әдебиеттер және басқалар)	2	Ойын-сауық (әлеуметтік желілерде қарым-қатынас, ойындар)	6
Хабарламаларды алу және жіберу (эл.почта)	3	Басқа	7
Өз бетімен білім алу, өзін-өзі дамыту	4		

7.4. Сіз дене жаттығуларымен немесе спортпен шұғылданаңыз ба?

☐ 1 Иә ☐ 2 Жок → 7.6-сұрақ

7.5. Сіз дене жаттығуларымен немесе спортпен қай жерде шұғылданаңыз? (бұдан әрі → 7.7-сұрақ)

Үйде	1	Үйде және спорт объектілерінде	3
Спорт объектілерінде	2		

7.6. Сіз дене жаттығуларымен немесе спортпен неге шұғылданбайсыз?

(жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Тұрғын жайда жағдайдың болмауы	1	Денсаулық жағдайының қанағаттанарлықсыздығы	6
Спорт объектілеріне қолжетімділіктің болмауы	2	Ықылас (қызығушылық) жоқ	7
Ақысын төлеу үшін қаражат жоқ	3	Бос уақыт жоқ	8
Тұратын ауданда спорт объектісі жоқ	4	Басқа	9
Жеке көмекші жоқ (өз бетімен үйден шыға алмайды)	5		

7.7. Сіз туыстарыңызбен, достарыңызбен және таныстарыңызбен қаншалықты жиі араласасыз?

☐ 1 Жиі → 7.9-сұрақ ☐ 2 Араласпаймын
☐ 1 Сирек ☐ 2 Ондайларым жоқ → 7.9-сұрақ

7.8. Егер Сіз араласпасаңыз немесе сирек болған жағдайда, неліктен екенін көрсетіңіз?

(жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Олардың тұратын үйлеріне қолжетімділік үшін жағдай жоқ (пандус, лифт жоқ және тағы басқа)	1	Денсаулық жағдайының қанағаттанарлықсыздығы	5
Қаржы қаражаты жоқ (жол жүруге, телефон арқылы сөйлесулерді төлеуге және тағы басқа)	2	Ықылас (қызығушылық) жоқ	6
Жеке көмекші жоқ (өз бетімен үйден шыға алмайды)	3	Бос уақыт жоқ	7
Туыстарым, достарым және таныстарым араласқысы келмейді	4	Басқа	8

7.9. Мәдени-ойын-сауық іс-шараларына барасыз ба?

Кинотеатрлар, театрлар, мұражайлар және тағы басқа	1	Дәмханалар, мейрамханалар	4
Ойын-сауық мекемелері, түнгі клубтар	2	Ондай жерлерге бармаймын	5

Концерттер, көрсетілімдер, шоулар және тағы басқа	3		
---	---	--	--

7.10. Сіз мәдени-ойын- сауық іс-шараларға неліктен бармайсыз?

Бұндай мекемелерге қолжетімділік үшін жағдай жоқ (пандус, лифт жоқ және тағы басқа)	1	Ықылас (қызығушылық) жоқ	5
Қаржы қаражаты жоқ	2	Бос уақыт жоқ	6
Жеке көмекші жоқ (өз бетімен үйден шыға алмайды)	3	Басқа	7
Денсаулық жағдайының қанағаттанарлықсыздығы	4		

7.11. Қоғамдық-саяси іс-шараларға қатысасыз ба?

Қоғамдық ұйымдардың, ҰЕҰ жұмыстарына		Кәсіподақтық, партиялық ұйымдарға	
Саяси сайлауларға		Қатыспаймын	

7.12. Қоғамдық-саяси іс-шараларға неге қатыспайсыз? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Бұндай мекемелерге қолжетімділік үшін жағдай жоқ (пандус, лифт жоқ және тағы басқа)	1	Денсаулық жағдайының қанағаттанарлықсыздығы	4
Өткізілетін іс-шарлар туралы ақпарат жоқ (қатысуға шақырмайды)	2	Ықылас (қызығушылық) жоқ	5
Жеке көмекші жоқ (өз бетімен үйден шыға алмайды)	3	Басқа	6

8. Қауіпсіздік және қорғалу

8.1. Сіз өзіңіздің құқықтарыңыз және жеңілдіктеріңіз туралы жақсы хабардарсыз ба?

Өте жақсы	1	Нашар	3
Жеткілікті	2	Білмеймін, жауап беруге қиналамын	4

8.2. Сіз өзіңізді тұрғылықты жеріңізде қаншалықты қауіпсіз сезінесіз?

(жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Толық қауіпсіз	1	Қауіпсіз емес (қорқынышты, алаңдаушылықты сезінемін)	3
Жеткілікті қауіпсіз	2	Қауіпті (өмір үшін қауіп төндіретін шабуылды немесе қатерді күте отырып, үнемі алаңдаушылықпен жүремін)	4

8.3. Сіз немесе Сіздің үй шаруашылығыңыздың мүшелері соңғы 12 ай ішінде келесі қылмыстардан зиян шекті ме:

Ұрлықтан	1	Алаяқтық	4
Шабуылдан	2	Қылмыстың басқа түрлерінен	5
Дене күшін көрсетуден	3	Жоқ, зиян шеккен жоқпыз	6

8.4. Сіз өзіңізге қатысты қандай да бір қысым немесе зорлық-зомбылық көрдіңіз бе?

(жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

--	--	--	--

Психологиялық	1	Сексуалдық	4
Күш көрсету	2	Жоқ, көрген жоқпын	5
Экономикалық	3		

8.5. Сіз қай жерде немесе кімнен қысым немесе зорлық-зомбылық көрдіңіз?
(жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Үйде, туыскандардан	1	Медициналық мекемелерде	5
Көшеде, көршілерден	2	Әлеуметтік қорғау органдарында	6
Достардан, таныстардан	3	Оқу орнында	7
Жұмыста	4	Басқа қоғамдық орындарда	8

8.6. Сіз көрсетілген зорлық-зомбылық немесе қысым себебінен біреуге
көмек алу үшін жүгіндіңіз бе?

Иә → 9-бөлім

Жоқ

8.7. Неліктен Сіз көмек алу үшін жүгінбедіңіз? (жауаптың бірнеше нұсқасы
болуы мүмкін)

Қажет болған жоқ	1	Көмек сұрау үшін мүмкіндігім жоқ (қаржылық, физикалық)	4
Мағына жоқ (баруға қорқамын, бәрібір көмектеспейді)	2	Басқа	5
Кімге жүгіну керек екенін білмеймін	3		

9.1. Жалпы, Сіз өз өміріңізге ризасыз ба?

Иә	1	Жауап беруге киналамын	3
Жоқ	2		

9.2. Сіз қоғамның мүгедектердің мәселелеріне көзқарасын қалай бағалайсыз?

Оң, қоғам біздің мәселелерімізге ортақ деп есептей- мін	1	Теріс, қоғам мүгедек тұлғалар жайлы көп стереотиптердің бар болуы және осы себептерден кемсітуін білдіреді	3
Теріс, қоғам түсінбейді және мүгедектердің мәселеле- ріне селқос қарайды деп есептеймін	2	Білмеймін, жауап беруге қиналамын	4

9.3. Сіз көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділігіне
қаншалықты қанағаттанасыз?

	Қана- ғатта- намын	Ішінара қанағатта- намын	Қана- ғаттан- бай- мын	Жауап бе- руге кина- ламын	Жү- гін- ген жоқ- пын
1. Мемлекеттік мекемелерде (Халыққа қызмет көрсету орталығы, Салық комитеті және басқалары) құжаттарды рәсімдеу, анықтама- лар беру	1	2	3	4	5
2. Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл	1	2	3	4	5
	1	2	3	4	5

3. Жәрдемақыларды, зейнетақыларды және басқа әлеуметтік жеңілдіктерді белгілеу					
4. Азаматтық істерді сотта қарау	1	2	3	4	5
5. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінде медициналық көмек көрсету	1	2	3	4	5
6. Мектепке дейінгі білім	1	2	3	4	5
7. Жоғары білім	1	2	3	4	5
«Қол жетімді баспана – 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үйді бөлу	1	2	3	4	5
9. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру (қоршаған ортаны қорғауды бақылау табиғи ресурстарды ұдайы өсіру және пайдалану)	1	2	3	4	5

9.4. Мүгедектігі бар тұлғалардың негізгі мәселелерін атаңыз (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

Білім алу	1	Инфрақұрылым объектілері мен ғимараттарға қолжетімділік жоқ	8
Денсаулық сақтау қызметтерінің сапасы және қолжетімділігі	2	Техникалық көмекші құралдар сапасы нашар және (немесе) жоқ	9
Жұмысқа орналасу	3	Қолжетімді форматта ақпараттың жетіспеушілігі	10
Арнайы еңбек шарттарымен жұмыс орындары жоқ	4	Мүгедектікке құжаттарды рәсімдеу және ОЖБ әзірлеу кезінде ақы төлеу оқиғалары	11
Тұрғын үй жоқ	5	Мүгедектігі бар тұлғаларды қоғамнан және оның қатынасынан оқшаулау	12
Зейнетақы мен жәрдемақының төмен деңгейі	6	Басқа, көрсетіңіз _____	13
Қоғамдық көлікке қолжетімділік жоқ	7		

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

Қазақстан Республикасы
Статистика
агенттігі төрағасының 2013
жылғы
23 қазандағы № 247
бұйрығына
қосымша

**«Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 және одан жоғары жастағы
тұлғалардың өмір сапасы (сұрақнама)» (коды 3035105, индексі ЕМ,
кезеңділігі біржолғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың
статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы «Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 және одан жоғары жастағы тұлғалардың өмір сапасы (сұрақнама)» (коды 3035105, индексі ЕМ, кезеңділігі біржолғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 және одан жоғары жастағы тұлғалардың өмір сапасы (сұрақнама)» (коды 3035105, индексі ЕМ, кезеңділігі біржолғы) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында келесі анықтамалар қолданылады:

1) оңалтудың жеке бағдарламасы (ОЖБ) – мүгедектің оңалту шараларының түрлерін және өткізу мерзімдерін, нақты көлемдерін, сонымен қатар әлеуметтік көмектердің түрлерін анықтайтын құжат;

2) сурдотехникалық құралдар – есту кемістіктерін түзетуге және олардың орнын толтыруға арналған техникалық құралдар, соның ішінде байланыс пен ақпарат беруді күшейтетін құралдар (есту аппараттары, бейнекомпьютерлер, телефакстер, мәтіндік хабарламасы және хабарды қабылдау қызметі бар ұялы телефондар, саңырау және нашар еститін адамдарға арналған сағаттар);

3) тифлотехникалық құралдар – мүгедектердің көру кемістігі нәтижесінде жоғалтқан мүмкіндіктерін түзетуге және олардың орнын толтыруға

бағытталған құралдар (таяқтар, тифломагнитолалар, оқу машиналары, компьютерлік тифлокешендер, Брайл жүйесі бойынша жазу құралы, Брайл жүйесі бойынша жазу грифелі, рельефті-ноқатты қаріппен жазуға арналған қағаз, диктофондар, дыбыс жазбасын шығаруға арналған плейерлер, нашар көретін адамдарға арналған сағаттар);

4) протездік-ортопедиялық құралдар – қол мен аяқты немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулықтың бұзылуы салдарынан ағзаның бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын құралдар. (протездер, аппараттар, таторлар, ортездер, балдақтар, таяқтар, жетек арбалар, корсеттер, реклинаторлар, басұстағыштар, бандаждар, емдік белбеулер, балалардың алдын алу шалбарлары, ортопедиялық аяқкиім және қосымша тетіктер, аппараттарға арналған аяқ киім);

5) протездік-ортопедиялық көмек – мүгедектерді протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету (протездеу қызметтері);

6) міндетті гигиеналық құралдар – табиғи физиологиялық қажеттіліктер мен мұқтаждықтарды қанағаттандыруға арналған құралдар (несеп қабылдағыштар, нәжіс қабылдағыштар, жөргектер);

7) арнаулы жүріп - тұру құралдары – мүгедектігі бар тұлғалардың белсенді және баяу жүріп-тұруы үшін техникалық көмек көрсету түрі (бөлме ішіне арналған кресло-арбалар, серуен кресло-арбалары);

8) жұмыс берушілер – өзінің меншікті кәсіпорнын басқаратын немесе қандай да бір экономикалық қызмет түрінде тәуелсіз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын және бір немесе бірнеше жалдамалы қызметкерлері бар адамдар;

9) жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлер – еңбек ақы, сыйлық ақы, үстеме ақы және тағы сол сияқты түрде немесе заттай нысанда ақы (сыйақы) төлеу қарастырылған жалдау шарты бойынша жұмыс істейтін адамдар;

10) өз бетінше жұмыспен қамтылу – сыйақы мөлшері тауарлар мен қызметтерді өндіруден (өткізуден) алынатын кіріске тікелей байланысты жұмыспен қамтылу (мұнда өз қажеттілігіне тауарларды тұтыну кірістің бөлігі ретінде қарастырылады);

11) отбасылық кәсіпорынның ақы төленбейтін қызметкерлері – туысы басқаратын кәсіпорында (шаруашылықта) әдетте сыйақысыз жұмыс істейтін адамдар;

12) кооператив мүшелері – кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, еңбек кооперативінің мүшелері болып табылатын адамдар.

3. Байқауға гендерлік ерекшелігі есебімен мүгедектігі бар 18 және одан жоғары жастағы тұлғалардың өмір сапасы бойынша іріктемеге қосылған және іріктемелі зерттеуге қатысатын барлық респонденттер жатады.

Байқау кезеңі 2014 жылғы 12 мамырдан бастап 12 маусым аралығындағы кезең болып табылады. Статистикалық нысанды пікіртерім жүргізуге уәкілетті тұлға (бұдан әрі – интервьюер) толтырады.

4. Титулдық парақтың 1 тармағында қаланың, ауданның (қаланың) және ауылдық елді мекеннің (округтің) атауы көрсетіледі.

2-5-тармақтар дейін супервайзерлер (статистика департаментінің интервьюер жұмысына бақылауды қамтамасыз ететін қызметкері) интервьюерлерге ұсынған, зерттелетін респонденттердің тізімдерінде көрсетілген деректемелерге сәйкес толтырылады.

5. 1-бөлімнің 1.4-сұрағында үй шаруашылығы мүшелерінің бірінші бос ұяшыққа жазылатын жалпы саны көрсетіледі. Үй шаруашылығы мүшелерінің уақытша шыққандары (2 айдан көп мерзімде) және уақытша келгендері есепке алынбайды. Сұрақтар тізбесінде көрсетілген мәртебеге сәйкес келетін үй шаруашылығы мүшелерінің саны тиісті ұяшықта көрсетіледі.

6-жолда жұмыспен қамтылмаған және жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) немесе техникалық және кәсіптік білім беретін мекемелерде оқитын студент болып табылмайтын 18 жасқа дейінгі тұлғалар көрсетіледі. 4-жолда ЖОО-ның студенттері және техникалық және кәсіптік білім беретін күндізгі (күндізгі оқу) оқу нысанындағы мекемелерде оқитындар көрсетіледі.

Егер, үй шаруашылығының мүшесі сұрақтағы көрсетілген бірнеше санатқа жататын болса, онда жауап респонденттің анықтауы бойынша құрастырылады және тек бір санат бойынша есепке алынады. 7-жолда ұсынылған

санаттардың ешқайсысына жатпайтын үй шаруашылығы мүшелері есепке алынады. Бірінші ұяшықта көрсетілген үй шаруашылығы мүшелерінің саны төмендегі ұяшықтағы жауаптардың сомасына сәйкес келеді.

6. 2-бөлімнің 2.1-сұрағында респонденттің негізгі тұрғын үйінде тұру жағдайлары көрсетілген. Зерттелетін респондент тұрып жатқан тұрғын үйдің түріне сәйкес келетін жауаптың бір нұсқасы таңдалып, белгіленеді. Тұрғын үй түрі жеке өз үйі, сондай-ақ жалдамалы үй бойынша, тіпті пәтердің бір бөлмесін ғана немесе бөлек үйдің бір бөлігін жалдап отырған жағдайдың өзінде белгіленеді.

7. 2.3-сұрақта үйде бар жайлылықтардың түрі белгіленеді. Жайлылықтың қандай да бір түрі болса (лифт, пандус, сүйеніш және тағы басқа), респонденттің осы жайлылық түрін пайдалану мүмкіндігі (қолжетімділігі) көрсетіледі.

8. 2.4-сұрақта интервьюер кестенің барлық жолдары бойынша тиісті кодты қояды. Егер бірнеше қожайынға ортақ санторап, себізгі және асүйі бар жатақханада тұрып жатқан үй шаруашылығы зерттелсе, онда осы үй шаруашылығында абаттандырудың осы түрлері бар деп саналады. Егер үй шаруашылығында қандай да бір себеппен (төлем бойынша қарыздар және тағы басқалары) абаттандырудың белгілі бір түрлері уақытша жұмыс істемесе, олардың бары міндетті түрде көрсетіледі.

Орталықтан жылыту жылу электростанциясы немесе қазандықтардың көмегімен жүзеге асады. Егер жылыту ғимарат немесе тұрғын үйдің ішінде қарастырылған құрылғының көмегімен немесе энергия көздеріне қарамастан жылыту мақсатына арналған болса, онда ол жеке орнатылған жылытуға жатады. Оларға бөлек үйлерде немесе тұрғын үй кешендерінде орналастырылған автономды жылыту жүйелері, және көмір және отынмен жылытатын пештер жатады. Жылытқыштар мен ауа баптағыштар (сплит-жүйе) мұнда қосылмайды.

9. 2.5-сұрақта үй шаруашылығында бар, соның ішінде уақытша жұмыс істемейтін (жөндеуде жатқан немесе жөндеу қажет ететін) заттар көрсетіледі.

10. 3-бөлімнің 3.1-сұрағында үй шаруашылығының қолда бар күнкөріс қаражатының көздері көрсетіледі.

1-жолда жұмыс берушімен еңбек қарым-қатынасы нәтижесінде алынған табыстар көрсетіледі (жеке тұлғаға еңбек шартын жасамай орындаған жұмысына еңбекақыны қосқанда).

Өз бетінше жұмыспен қамтылудан түскен табыс өзінің жеке кәсіпорнынан (бизнесінен), жеке кәсіпкерлік қызметтен (патентпен немесе патентсіз) түскен табыстарды қамтиды.

4-жолда мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрлері: мүгедектігі бойынша, әскери қызметшілердің отбасыларын есепке ала отырып, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты (зейнетақы алу үшін еңбек өтілі болмағанда) берілетін жәрдемақылар қамтылады. Сондай-ақ, мұнда арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрлері: Ұлы Отан Соғысы (бұдан әрі – ҰОС) мүгедектері мен қатысушыларына, ҰОС мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдарға, ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлеріне, ҰОС қайтыс болған мүгедектерінің әйелдеріне (ерлеріне), «Кеңес Одағының батырларына», қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына, тылда еңбек еткендерге, Чернобыль атом электростанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушыларға, 1, 2 және 3 - топтағы мүгедектерге, 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға, төрт және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға, ақталған азаматтарға, сол сияқты баланың туылуына байланысты және 1 жасқа дейінгі балалар күтіміне берілетін жәрдемақылар жатады. Әлеуметтік төлемдердің жоғарыда аталған түрлерін «өзге» санатына жатқызуға жол берілмейді.

«Әлеуметтік көмектің басқа да түрлері» санатына атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегін және өзгелерді, соның ішінде жұмыс беруші тарапынан материалдық көмек және қайырымдылық түскі астар, киім-кешектер, аяқкиімдер, тамақ өнімдері және тағы басқалары түріндегі заттай көмек жатқызылады.

Үй шаруашылығының жеке қосалқы шаруашылық (саяжайдан, бақшадан) жүргізуден алған тамақ өнімдерін өзі тұтынуы 8-жолда көрсетіледі. Егер, үй шаруашылығының жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу нәтижесіндегі мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығында өндірген өнімі басқа үй шаруашылықтарына сатылатын және/немесе сауда желілері (дүкендер, базарлар, шатырлар, автодүкендер және өзгелері) арқылы өткізілетін болса, алынған табыс «жеке қосалқы шаруашылықта өндірілген өнімді өткізуден (сатудан) түскен табыс» санатына жатады және 9-жолда көрсетіледі.

Малды сатудан түскен табыс, «жеке қосалқы шаруашылықта өндірілген өнімді өткізуден (сатудан) түскен табыс» санатына жатқызылады. Тауарларды дүкенде өткізуден алынған пайда (егер дүкен үй шаруашылығының меншігі немесе үй шаруашылығының мүшесі (мүшелері) жалға алынатын ғимараттағы тауарларды сатуды жүзеге асыратын болып табылатын (табылатындар) болса) - өз бетінше қамтылған жұмыстан түскен табыс болып табылады.

10-жолда басқа кәсіпорындардың жарғылық капиталындағы үлестік қатысудан түскен түсімдер көрсетіледі, яғни 13-жолда көрсетілетін бағалы қағаздардан, акциялар бойынша дивиденттерден түскен табыстарды қоспағандағы біріккен қызметтен түскен табыс.

«Туыстарының, таныстарының көмегі» санатына туыстары мен таныстардан материалдық әрі заттай түрдегі көмек жатады.

Барлық өзге табыстар «Басқа» санатына жатқызылады.

11. 3-бөлімнің 3.4-сұрағында үй шаруашылығының бір айда орташа есеппен алғанда жалпы ақшалай табысы (үй шаруашылығының барлық мүшелерінің ақшалай табыстарының жиынтығы) көрсетіледі. Егер соңғы жыл ішінде алынған орташа айлық ақшалай табысты анықтау мүмкін болмаса, осы айда алынған ақшалай табыс мөлшері әдеттегідей болса, онда соңғы айдағы ақшалай табысты көрсетуге болады. Табыстың жалпы сомасына табыстың барлық түрін қосу керек (соның ішінде әлеуметтік көмек, алименттер, туыстарының көмегі, жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс, мүмкіндігінше толық есептей отырып және өзгелері).

12. 4-бөлімнің 4.5-сұрағында респонденттің мүгедектігіне себепші болған негізгі ауруы немесе жарақаты белгіленеді. Жауаптардың нұсқалары Аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесіне (10-ыншы қайта қарау) сәйкес аурулар мен жарақаттар топтамаларымен көрсетілген.

1-жолда себептері микро ағзалар: бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар, паразиттер және олардың уландырғыштар болып табылатын барлық аурулар кіреді. Оларға туберкулез, сарып, АИТВ-жұқпасы, жыныс жолдарымен берілетін аурулар (мерез, хламидиоз және тағы басқа), гепатиттің

түрлері, ішек жұқпалары, стафилококк жұқпасы, вирусты менингит, жіті респираторлы вирусты жұқпасы (ЖРВЖ), дизентерия, күл ауруы, сіреспе, сүзек және тағы басқа жатады.

Ісіктерге қауіпсіз ісіктер мен қатерлі ісіктер (обыр) жатады.

Қанның, қан түзу органдарының аурулары және иммундық механизмді тартумен жеке бұзылуларға анемиялар, лейкоздар және қан тоқтату жүйесінің бұзылуымен байланысты аурулар (қанның ұйып қалуы) жатады.

Эндокриндік жүйе аурулары, тамақтану мен зат алмасудың бұзылуы – бұл қалқанша безінің аурулары, қант диабеті, тамақтанудың жеткіліксіздігі немесе асыра тамақтану, зат алмасудың бұзылуы, гипотиреоз, Кушинг синдромы және тағы басқалар жатады.

Психикалық бұзылулар мен мінез-құлықтың бұзылуына аутизм, эпилепсия, шизофрения, ақыл-ой кемістігі (олигофрения), невроздар, токсикомания мен нашақорлық, тұлға мен мінез-құлықтың түрлі бұзылулары, тұтығу мен депрессияның түрлі нысандары (стресстер) жатады.

Жүйке жүйесі аурулары балалардың церебральді параличі, геморрагиялық және ишемиялық инсульт, Альцгеймер мен Паркинсон аурулары, полиомиелит, невриттер мен невралгиялар, ОНЖ-ң ісіктері (мидың және омыртқаның), бастағы жоғары қан қысымы, балалардың бұлшық ет тонусының бұзылулары (дистония, гипертонус) және тағы басқаларды қамтиды.

Көз бен оның қосалқы аппараты ауруларының ішіне конъюнктивит, глаукома, катаракта, миопия (алыстан нашар көру), торқабықтың дистрофиясы, торқабықтың сылынуы, көздің ісіктері мен жарақаттары, астигматизм, қылилық және сондай сияқты тағы басқа аурулар кіреді.

Құлақ пен емізік тәрізді өсіндінің ауруларына мастоидит, нейросенсорлық құлақ мүкістігі, отит (құлақтың қабынуы) жатады.

Қан айналымы жүйесінің ауруларына жүректің ишемиялық аурулары, инсульттер мен инфаркттер, жүрек функциясының жеткіліксіздігі, миокардиттер, жүрек қыспасы, қан қысымының жоғарылауымен сипатталатын (гипертониялық) аурулар, жүректің ревматикалық аурулары және сондай сияқты тағы басқа аурулар кіреді.

Тыныс алу ағзаларының ауруларының ішіне тұмау, пневмония, ринит, гайморит, қойнауудың қабынуы, фарингит, бронхит, бронхының демікпесі, өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы және тағы басқа кіреді.

Ас қорыту ағзаларының ауруларының ішіне: асқазанның ойық жарасы, гастриттер, өт тас ауруы, холецистит, бауыр циррозы, панкреатиттер, жарықтар (шап және құрсақ қуысы жақтарындағы) және тағы басқа кіреді.

Тері мен теріасты шелмайының ауруларының ішіне келесі аурулар кіреді: дерматиттердің түрлері, экземалар, пиодермиялар (терінің іріңді аурулары), шаш түбірінің қабынуы мен шиқан басу, есекжем, көп түрлі қызару, псориаздар, теміреткілер және тағы басқа.

Сүйек-бұлшық ет жүйесі мен дәнекер тіннің ауруларының ішіне келесі аурулар кіреді: артриттер мен артроздар, подагра, остеомиелит, сүйектердің остеопорозы, омыртқаның остеохондрозы, май табан, рахит, сколиоз, омыртқалардың жылжуы, жүйелі қызыл жегі және тағы басқа.

Несеп-жыныс жүйесінің ауруларының ішіне келесі аурулар кіреді: бүйрек қабынуы мен нефроптоздар, несептас ауруы, пиелонефрит, бүйрек функциясының жеткіліксіздігі, ерлер жыныс ағзаларының аурулары, әйелдердің жыныс ағзаларының қабынба және қабынба емес аурулары, эндометриоздар және тағы басқа.

Жүктілік, босанулар мен босанудан кейінгі кезең асқынуларына түсікпен аяқталған жүктілік (жатырдан тыс жүктілік, көпіршік кірме, өздігінен болған түсік, медициналық түсік және тағы басқа), босану мен босандырудың асқынулары және тағы басқа кіреді.

Перинатальдық кезеңде пайда болатын жеке жағдайлардың ішіне босану жарақаттары, жүктілік ұзақтығымен және ұрықтың өсуімен байланысты бұзылулар, ұрық пен нәрестенің ас қорыту жүйесінің бұзылулары және тағы басқа кіреді.

Туа біткен ауытқулар (даму кемістіктері), пішін өзгерулері мен хромосомалық бұзылуларға келесі аурулар кіреді: жүректің туа біткен анықталмаған кемістігі, ерін мен таңдай жырығы (қоян жырық пен жарық таңдай), Даун синдромы, омыртқа бағанының туа біткен даму ауытқулары және тағы басқа.

Жарақаттар, уланулар және сыртқы себептер әсерінің бірқатар басқа салдарлары – мұнда кез-келген орындағы жарақаттар, түрлі уланулар, күйіктер, үсіктер және тағы басқа жарақаттың алған орнына қарай (үйде, жұмыста), тиісті жолда белгі қою қажет.

Сырқаттанушылықтың сыртқы себептеріне жол көлік апаттары (ЖКА), шабуылдар, терапиялық және хирургиялық араласулардың асқынулары, өзіне өзі қасақана зиян келтірулер (суицид) және тағы басқа кіреді.

Кәсіптік аурулардың ішіне химиялық факторлардың әсерінен пайда болған аурулар (уланулар, интоксикациялар); температуралық және химиялық күйіктердің салдары; тыныс алу және ас қорыту ағзаларының, жүйке жүйесінің, көздердің, сүйектердің және басқа да ағзалардың уыттық зақымдары; терінің аурулары; сәуле ауруын қоса иондаушы мен иондаушы емес сәулеленудің әсеріне байланысты аурулар; жеке ағзалар мен жүйелердің шамадан тыс физикалық жүктемелер мен қиналуымен байланысты аурулар; кәсіптік бронхиттер, үдемелі алыстан көрмеу, аллергиялық аурулар және тағы басқа жатады.

13. 4.12-сұрақта оңалтудың жеке бағдарламасы (ОЖБ) мүгедектігі бар тұлғалардың тіршілік әрекеттерінің шектелуін толықтай өтеу мүмкіндігі немесе жоюға (медициналық емделу, қосымша техникалық құралдармен қамтамасыз ету, курортты-санаторийлік емделу, жеке көмекшіні ұсыну және тағы басқа) бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешені дегенді білдіреді.

ОЖБ халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі оңалту іс-шараларын жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының (қажет еткен жағдайда), халықты әлеуметтік қорғау және басқа ұйымдар жүйесінің қызметкерлерін тартумен куәландырғаннан кейін бір ай ішінде әзірленеді.

ОЖБ:

- 1) ОЖБ картасынан;
- 2) ОЖБ картасынан үзінді көшірмеден;
- 3) ОЖБ-ның медициналық, әлеуметтік және кәсіптік бөлігінен тұрады.

ОЖБ картасынан үзінді көшірме мүгедекке (немесе оның заңды өкіліне) беріледі.

14. 4.14-сұрақта техникалық көмекші (орнын толтырушы) және арнайы қозғалыс құралдарына сурдотехникалық, тифлотехникалық, протездік - ортопедиялық және міндетті гигиеналық құралдар, протездік - ортопедиялық көмек пен арнайы қозғалыс құралдары жатады.

15. 4.17-сұрақта респондентке көмек көрсететін тұлғаларды белгілеу керек. ОЖБ бойынша мүгедектігі бар тұлғаға қажет болған жағдайда көмекші ретінде келесілерді тағайындайды: әлеуметтік қызметкерді (үй шарушылығын жүргізу бойынша қызметтерді орындау үшін), жеке көмекшіні (қоғамдық орындарға ілесіп жүру үшін), ымдау тілі маманын (ымдау тілі қызметтерін көрсету үшін, айына шамамен 4 сағат), медициналық қызметкерді (үйде медициналық қызметтер көрсету үшін).

16. 5-бөлімінің 5.1- сұрағында респондент білімі бар болуы белгіленеді. Бөлімнің сұрақтары оқу бітіргендермен қатар қазіргі уақытта оқитын оқушылар мен студенттерге де қойылады.

1 жолда бастауыш білімі жоқ, бірақ оқу мен жазу дағдылары бар респонденттер белгіленеді.

2 жолда бастауыш мектепті бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта 5-9 сыныптарда оқиды; 1972 жылы және одан бұрын үшжылдық мектептің 3 немесе 4 сыныптары бітірген).

3 жолда жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбын бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта 10-11 (12) сыныптарда немесе училище, колледжде оқиды; 1992 жылы және одан бұрын толық емес орта мектепті (жеті (8 немесе 9) жазғы мектепті бітірген).

4 жолда жалпы білім беретін мектептің 11 (12) сыныбын бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта училище, колледжде (9 сыныптан кейін) немесе ЖОО-да оқиды).

5 жолда кәсіптік лицейді (кәсіптік техникалық мектепті), училищені, колледжді (техникумді) бітірген респонденттер белгіленеді.

6 жолда жоғары оқу орнын (институт, академия, университет және тағы басқа) бітірген респонденттер белгіленеді.

7 жолда ЖОО-да оқудың жартысынан аса мерзімі (2 курс және одан жоғары) ішіндегі оқыған респонденттер белгіленеді.

8 жолда академиялық немесе ғылыми дәріжесі бар (магистр, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы) респонденттер белгіленеді.

9 жолда оқу мен жазу дағдылары жоқ респонденттер белгіленеді.

17. 9-бөлімнің 9.3-сұрағында олардың қызметтерді алу кезеңіне шектеу қоймай мемлекеттік қызметтердің негізгі түрлеріне қанағаттанушылық деңгейін анықтауға бағытталған, яғни бұл жерде жалпы респонденттің бір кездерде алған нақты бір қызметі бойынша жағдайы бағаланады. Жауаптар көлденеңін белгіленеді. Егер респондентпен мемлекеттік қызметтерді бағалау мүмкіндігі болмаған жағдайда осы сұрақтың теріс жауабы «жауап беруге қиналамын» жолында, яғни «4» нөмірде белгіленеді. Егер респондент 9.3-сұрақта көрсетілген мемлекеттік қызметтерді пайдаланбаса, «жүгінген жоқпын» (5 -кодымен) жауабын белгілеуі керек.

18. Пікіртерімді бітірген соң, интервьюер пікіртерім барысында қандай болса да бір бөлімдер немесе сұрақтар қалып кетпегендігіне көз жеткізу үшін статистикалық нысанды тағы да бір рет қарап шығады және респонденттерге ынтымақтастығы және жәрдемдескендері үшін міндетті түрде алғыс білдіреді.

Интервьюер үй шаруашылығынан тысқары жерде статистикалық нысанды қайта қарап шығып, егер қандай да бір сәйкессіздік тапса, онда үй шаруашылығына қайта барып (өзі барып немесе телефонмен), жетпейтін ақпаратты анықтайды.